

Қаражан Қ.С., Еркембек Б.Б.  
**Империя ұғымының заманауи анықтамалары**

Бұл мақалада «империя» ұғымының генезисі, әрі заманауи анықтамалары қарастырылады. 1990 жылдан бастап тарих ғылымының бір саласы «Жаңа империя тарихы» алғаш АҚШ мемлекетінде қалыптаса бастады. Қазіргі кезеңде отандық және шетелдік ғылыми зерттеулерде империя ұғымы, империя тарихы, империология мәселесі өзекті әрі үлкен сұранысқа ие болып отырған күрделі проблемалардың бірі болып табылады. «Жаңа империя тарихы» аясында қазіргі кезеңде империя ұғымына байланысты тың түсініктер қалыптаса бастады. Жаңа түсініктердің серпінімен күрделі саяси құрылымның жан-жақтылығын пайымдауға мүмкіндік туды. Шетелдік әрі отандық ғалымдардың аталмыш тақырып аясындағы еңбектерін, ғылыми жұмыстарын саралап, ең үздік анықтамалықтар топтастырылды. «Империя» ұғымы күрделі болғандықтан, ғалымдар белгілі бір нышанды өзекке ала отырып, ұғымның мән-мағынасын айшықтағысы келді.

Бүгінде Қазақстан тарихында империя ұғымына, империология ғылымына байланысты зерттеулер жоқтың қасы, сондықтан бұл мәселе бойынша зерттеулер маңызды болып табылады. Мақала авторлары «Империя» ұғымының нақты түсіндірмесін айғақтайды.

**Түйін сөздер:** империя, метрополия, периферия, жаңа империя тарихы, «Homo European»

Karazhan K.S., Erkembek B.B.  
**Empire: modern definition**

This article discusses the modern definition of «Empire». Since 1990 in the USA formed a new historical sector – «A New History of Empire». At present, domestic and foreign scientific research definition of empire, the history of the empire, imperiology problem is actual, and it is one of the most difficult problems. Based on the analysis of works of «new history of the empire» of domestic and foreign researchers, was introduced the best definition of this term. Because the «empire» difficult concepts, scientists taking the basis the specific characteristics and traits of this concept, trying to discover the essence of the «empire»

In the framework of the «New Imperial History» in the modern period formed a new concept of the term Empire, allowing to show multilateralism of the system of political organization. Because in Kazakhstan, these research trends are relatively new, it is important to know the origin of the empire. Thus, the authors emphasize the need to clear understanding of the term «empire»

**Key words:** Empire, the metropolis, the periphery, the new imperial history, «Homo European».

Қаражан К.С., Еркембек Б.Б.  
**«Империя»: современные определения понятия**

В данной статье рассматриваются современные определения понятия «Империя». Начиная с 1990 года в США сформировалась новая историческая отрасль – «Новая история империи». В настоящее время в отечественных и зарубежных научных исследованиях определение понятий империя, история империи, проблема империологии является актуальным и одной из сложных проблем. В рамках «Новой имперской истории» в современный период сформировались новые понятия империи, показывающие многосторонность данной системы политической организации. На основе анализа работ по «новой истории империи» отечественных и зарубежных исследователей были предоставлены самые лучшие определения данного термина. Так как «империя» сложное понятие, ученые, беря за основу определенные характеристики и черты данного понятия, старались раскрыть сущность «империи».

Поскольку в Казахстане данные области исследования являются относительно новыми, представляется важным знать генезис империи. Таким образом, авторы статьи убеждают в необходимости ясного понимания термина «Империя».

**Ключевые слова:** империя, метрополия, периферия, новая имперская история, «Homo European».

## **ИМПЕРИЯ ҰҒЫМЫНЫҢ ЗАМАНАУИ АНЫҚТАМАЛАРЫ**

### **Кіріспе**

Империя ұғымы, империя тарихы, оның ерекше құрылымдарын зерттеу бүгінгі таңдағы өзекті тақырыптардың бірі де бірегейі. Себебі, тарих – барлық қоғамдық қатынастардың бастауы, өткен империялардың тарихы бүгінгі егемен елдердің бағдаршамы іспетті, өзара тығыз байланысты. Мәселен, Ресей империясының Қазақстанға жүргізген саясатын «Жаңа империя тарихы» аясында зерделеу үшін, алдымен «империя» ұғымының мән-мағынасын жете түсініп, білу қажет. Әуелі, «Imperium» сөзіне тоқталсақ, сөздіктерде алуан түрлі анықтама беріледі, көпшілігі; Үлкен территорияға иеленген алып мемлекет түсінігіне сайып келеді. Бірақ, ұғымның түсініктемесі тек бір аспекті бойынша ғана қарастырылады екен деп пайымдамаған жөн.

### **Батыс тарихнамасындағы «империя» хақындағы зерттеулер**

Атақты ғалым С. Беккер «Россия и концепт империи по причине нетипичности предложения в ней классификации» атты мақаласына тоқталсақ, ғалым өз еңбегінде Ресей империясын «*империя – ірі мемлекет*» атауына қосуды жөн көрмейтіндігін баяндай отырып, дәйек ретінде 3 белгісін көрсетеді.

1 – Тұзды теңіз арқылы байланысқан перифериясы болған жоқ, тек уақытша иемденген Аляска мен Калифорния аймақтарын қоспағанда. 2 – Британ және Еуропалық империялар өз периферияларын ассимиляцияға түспейтін, жеке мемлекеттік құрылым ретінде қарастырды, тек шикізат ретінде пайдаланды десе, Ресей өз иеліктерін метрополияны кеңейту деп түсінді, әрі орыстарды қоныстандыратын жер деп таныды. 3 – Империяны әулеттік ұлт өкілдері басқарды. Былай дегеніміз, басқарушы әулеттік ұлт орыстардың арасынан емес, өзге көршілес ірі мемлекеттердің әулеттері болды. Алайда, бұл жүйе бағынышты аймақтарда қолданылмады (Беккер, 2000: 236). Осындай 3 аспектіні баяндай келе, автор «империя» ұғымын түсіндіру үшін күрделі саяси құрылымға тән 3 белгіні айшықтайды, сонымен қатар Ресей империясының құрылымын империялық деп тану қате екенін білдіреді.

А. Каппелер өз еңбектерінде ресейлік империя үлгісінің қалыптасуын, әрі Ресей мемлекетінің империя терминіне толықтай сай келетінін өзекке алады. А. Каппелер «Көпұлтты империя» терминін енгізе отырып, Ресейлік империя модулін нақтылай түсті. Әрі ғылыми айналымда қолданылып, мойындалып жүрген тағы бір елеулі тұжырымдамасы «Номо European» деп аталады. Бұл терминнің мәні – ұлы мемлекеттердің гегомондыққа ұмтылуы – Империялықты туғызады. Әрине, ғалымның тұжырымдамасына сүйенер болсақ, «империя – гегомондыққа ие мемлекеттік құрылым» деп түсіндіреді.

Империя түсінігіне нақты анықтама беру жолында әр ғалым белгілі бір империяның сипатына, құрылымына сүйене отырып, өзіндік империялық типтелуін, ұғымның анықтамасын ұсынады. Атақты ғалым А.В. Лубскийдің пікірі мынадай: 1 – Үлкен территория. 2 – Бағынышты аймақтар» (Лубский, 2005: 46) деп тұжырымдайды. Өз еңбегінде «Империя деген атауды тек «монархиялық» мемлекеттерге тән деп аталуы керек пе? Әлде көпұлтты бірақ басқару формасы әр түрлі мемлекеттерді де империяға жатқыза аламыз ба?!» деп бұл тақырып аясында үлкен ізденістер қажет екендігін көрсетеді.

Бұл тұжырымдаманы нақтылай түскен А.И. Миллер деп айтсақ болады. А.И. Миллер өзінің концепциясында – империя тарихын зерделеудегі басты элементтердің бірі – полиэтностық және басқарушы этностың болуымен жанастырады (Миллер, 2006: 48). Яғни, ғалымның түсіндірмесінде «көпұлттылық – империяның басты нышаны» болып табылады.

Израиль елінің атақты әлеуметтанушысы Ш. Айзенштадт жалпы империя атауына мынадай көзқарасын білдіреді: «Империя сөзі әдетте үлкен жер аумағын қамтыйтын, орталығы бар, әрі орталық императордың жеке меншігі болуымен қатар саяси институттардың өзегі болып табылатын құрылым, әрі империяның сыртқы бөлшектерінің саясатына және мәдениетіне ықпал етеді» (Айзенштадт, 1963: 521).

*Империя құрылымы туралы тұжырымдар*

Империя тақырыбын тарих ғылымымен қоса саясатпен де зерделеп жүрген американдық тарихшы Р.Суни, «Империя – күрделі құрылымды мемлекет, бұл құрылымда метрополия периферияға үстемділік етеді. Сонымен қатар, ескеретін маңызды жайт, империя мен көпұлтты мемлекеттің басты айырмашылығы – метрополияның саясатын периферияның қабылдауы, ал

метрополияның периферияны «бөтен ел» іспетті көруі, эксплуататорлық және периферияны өзіне теңдес санамау сынды қарым-қатынас орнатуынан көрініс табады» (Суни, 2001: 23). Ғалым өзара теңсіздікпен қатар метрополия мен периферияның байланысына: этникалық әртүрлігін, географиялық бөлінулерін, әкімшілік басқаруларындағы әрізділікті айтады.

Осы көзқараспен үндес ой білдірген ғалым А. Рибер. А. Рибер бойынша, *Империя – мемлекеттердің жаулап алушылық саясатының арқасында құрылған құрылым, олардың шекаралары шынайы емес.* Демек, империя аумағы әскери «фронтирлер» болып табылады, ендеше «байланысты аумақ» ретінде есептелінеді (Рибер, 1992: 446).

Империя ұғымына оригинальді түсінік берген орыс әлеуметтанушысы әрі философы – А.Ф. Филиппті атап өту қажет. Бұл ғалым өзіндік ойын былайша тұжырымдайды: Империя – бұл үлкен және тұрақты саяси кеңістікке ие мағынадағы сөз, уақыттың өтуіне қарай саяси емес әрекеттерді жүргізеді (Филиппов, 1995:462). Ғалымның пікірінше, империялар керемет жаулап алушылықтан пайда болады, осы жолмен құрылған империялар тез құлдырайды. Мәселен, басып алушылық арқылы қалыптасқан А. Македонский империясын жатқызуымызға болады. Әлеуметтік-мәдени сан түрлілік империя арасында қиын қырлы мәселе болады. Себебі, көпұлтты бір уысына жұмылдыру, «ортақ мәдениет», «бір сана» қалыптастыру бірнеше жылдарды қажет ететіні сөзсіз. Осындай «халықтарды біртиптілеу» мықты империяның тарихи өмір ұзақтығының кепілі болып есептелінетінін тұжырымдайды.

Империя ұғымына, империялық құрылымға қатысты бірнеше көзқарастар бар екенін айттық, солардың бірі ғылыми айналымда танымал еңбектердің авторы – Л.С. Гагагова. Ғалым, империялық типтегі мемлекеттерге тән 4 белгіні атап көрсетеді. Біріншіден, басқарушы топпен халық арасын байланыстырып отыратын басқару аппаратымен жергілікті мекемелер. Екіншіден, экспансия немесе өзгермейтін «modus vivendi» және оның салдары – империяның аумағы, көлемі. Әрі метрополия кішкентай аумаққа ие болуы мүмкін. Үшіншіден, орталықпен периферия арасындағы қашықтық, басқаша окраин, провинция, немесе метрополияның колониясы. Төртіншіден, полиэтникалық және доминантты ұлттық және өзге этностардың топтары. Бесіншіден, «Ортақ идеология», ол дін болуы мүмкін. Алтыншыдан, әлемдік гего-

монияға басып алуға ұмтылыс (Гатагова, 1996: 336).

Жоғарыда келтірілген критерийлер бойынша бірнеше империялық модульдерді сараптауға болады, алайда сәйкес келмейтін тұстары да бар. Метрополияның ерекше доминанттылығы жайында Е.Т. Гайдар былайша империя түсінігіне анықтама береді: «Мықты көпұлтты мемлекеттік құрылымда басшылыққа толығымен метрополия ие болады, ал демократиялық институттар (егер олар болса әрине) аз мөлшерде таңдау құқығын иеленеді». Бұл тұжырымдамалардың қай-қайсысын алсақ та, Қазақстан тарихына тікелей қатысты болып келеді (Гайдар, 2006: 8).

А. Кара-Мурза империя қанаушы механизм деп сипаттайды (Кара-Мурза, 1996: 63), осы тұжырыммен үйлескен Ресей ғалымы О.Ю. Малинова империяға мынадай сипаттама береді: 1. Империя – саяси құрылым, өзіне бірнеше әртекті элементтерді жинақтаған. Заманауи тарих ғылымында империя тақырыбына байланысты көптеген жаңа терминдер қалыптасқан, қолданыстағы жаңа терминдердің бірі «nation-state». Бұл терминді ұсынған ғалымдар Чарльз Тилли мен К. Кэлхун. Чарльз Тилли мен К. Кэлхун «nation-state» атты түсінікке мынадай мағына береді: «Бұл мемлекеттің халқы тілдік құрылымы жағынан әртекті, наным-сенімі де алуан», «national state» түсінігі. 2. Метрополия мен периферия арасында тең әрі қайшы қарым-қатынастар.

## Қорытынды

Тарихи үрдістерді сараласақ, империялық мемлекет үнемі өз периферияларын күшпен жаулап алып, оларды күшпен ұстап тұрған, оған қарсы ішкі халықтардың бас көтерулері болғанмен, орталықтың нұсқауымен жаншылып тасталынатын еді. Бұл – метрополия мен периферия арасындағы өзара қайшылыққа толы қарым-қатынас болып табылады. А.Ф. Филиппов, империя – бұл ірі аумақтарға ие мемлекеттер, екіншіден империя – өткен тарихи әлеуметтік саяси жүйе болып табылады, яғни, «заманауи-мемлекет-империя». Ғалым, кез келген аумағы кең мемлекет – империя болып табылмайды деп көрсетеді, «Империя болу үшін – біріктіруші идея, басқару жүйесі, ерекше құрылымды саяси кеңістігі болуы қажет», – дейді. Империялар бір басшымен басқарылады, қалай аталатыны маңызды емес.

Сонымен, түйіндейтін болсақ, империя ұғымына қатысты бірнеше көзқарастар мен тұжырымдамалар сан алуан. Түйініміз мынадай, Империя – үлкен аумаққа ие, бірнеше ұлттарды әскери күшпен бағындырған, империялық саясат жүргізген, империялық сана қалыптастырған күрделі құрылым. Өз кезегінде, Л.С. Гатагова мен А.Ф. Филипповтың ұғымға берген түсіндірмелерімен толықтай келісе отыра, осы ғалымдардың берген түсініктемелері «империя» ұғымын нақты аша алды деп пайымдаймыз.

## Әдебиеттер

- 1 Becker S.(2000) Russia and the concept of empire. Ab Imperio (Казань). № 3-4. P. 339.
- 2 Eisenstad S.N. The Political Systems of Empires. New York: Free Press of Glencoe,1963. – P. 521-532.
- 3 Гатагова Л.С. (1996) Империя: идентификация проблемы. Исторические исследования в России. Тенденции последних лет. Под ред. Г.А. Бордюгова. М., С. 335-336.
- 4 Гайдар Е.Т. (2006) Гибель империи. Уроки для современной России. М.: Изд-во Российская политическая энциклопедия. С.8.
- 5 Кара-Мурза А. А. (1996) Между «Империей» и «смутой». Избр. соц.- филос. публицистика. М.: ИФРАН. С. 63.
- 6 Лубский А.В. (2005) Конфликтогенные факторы на Юге России: методология исследования и социальные. Отв. ред. В.В. Черноус. Ростов-на-Дону: Изд-во СКНЦ ВШ.
- 7 Миллер А.И. (2006) Империя Романовых и евреи (Публичная лекция «Полит.ру» апрель 2006г.). Москва. С. 45-65.
- 8 Рибер А. (1992) Групповые интересы в борьбе вокруг Великих реформ. Великие реформы в России. М.: Изд-во Моск. ун-та. С. 44-45.
- 9 Суни Р. (2001) Империя как она есть: имперская Россия, «национальное» самосознание теории империи. Abimperio. №2. С. 123-130.
- 10 Филиппов А. (1995) Смысл империи: к социологии политического пространства. Иное Хрестоматия нового российского самосознания. Под ред. С.Б. Чернышева. Москва.: Изд-во Аргус, Т. 3. Русская политика и русская философия. С. 462.

### References

- 1 Becker S.(2000) Russia and the concept of empire. Ab Imperio (Kazan'). № 3-4. P. 339.
- 2 Eisenstad S.N. The Political Systems of Empires. New York: Free Press of Glencoe,1963. – P. 521-532.
- 3 Gatagova L.S. (1996) Impepija: identifikacija pproblemy. Istopicheskie issledovanija v Possii. Tendencii poslednih let. Pod ped. G.A. Bopdjugova. M., S. 335-336.
- 4 Gajdap E.T. (2006) Gibel' impepii.Upoki dlja sovremennoj Possii. M.: Izd-vo Rossijskaja politicheskaja jenciklopedija. S.8.
- 5 Кара-Мурза А. А. (1996) Mezhdju «Impepiej» i «smutoj». Izbr. soc.- filos. publicistika. M.: IFRAN. S. 63.
- 6 Lubskij A.V. (2005) Konfliktogennye faktopy na Juge Possii: metodologija issledovanija i social'nye. Otv. red. V.V. Chernous. Rostov-na-Donu: Izd-vo SKNC VSh.
- 7 Millep A.I. (2006) Impepija Pomanovyh i evpei (Publichnaja lekcija «Polit.pu» appel' 2006g.). Moskva. S. 45-65.
- 8 Pibep A. (1992) Gpuppovye intepesy v bop'be vokpug Velikih pefopm. Velikie pefopmy v Possii. M.: Izd-vo Mosk. un-ta. S. 44-45.
- 9 Suni P. (2001) Impepija kak ona est': impepskaja Possija, «nacional'noe» samosoznanie teopii impepii. Abimperio. №2. С. 123-130.
- 10 Filippov A. (1995) Smysl impepii: k sociologii politicheskogo ppostpanstva. Inoe Hpestomatija novogo possijskogo samosoznanija. Pod red. S.B. Chepnysheva. Moskva.: Izd-vo Argus, T. 3. Pusskaja politika i pusskaja filosofija. S. 462.